# Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 269 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69 – баптарына сәйкес Бейнеу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына Бейнеу ауданының босалқы жерінен ШТИ-008, КУ-416 электрмен жабдықтау желісін салу үшін алаңы 0,4845 гектар жер учаскесіне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Бейнеу аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулыны ресми жариялауға жіберуді;

Бейнеу ауданы әкімі аппаратының ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бейнеу ауданының әкімі* *Б. Әбілов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК